

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІң, Еңбекшілер депутаттарының  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІң және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІң ГАЗЕТІ

№ 148 (9210) | 1953 жылғы 26 июль Жексенбі | Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Бүгін—ССРО-ның Соғыс-Теңіз Флоты Күні

ССРО Соғыс-Теңіз Флотының даңқы арта берсін!  
Барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйым-  
дастырушысы—туысқан Коммунистік партия жасасын!

### ССР Одағы Қорғаныс Министрінің БҰЙРЫҒЫ

26 июль, 1953 жыл № 56 Москва қаласы

Жолдастар, матростар мен солдаттар, старшиналар мен сержанттар!

Жолдастар, офицерлер, адмиралдар мен генералдар!

Бүгін совет халқы және оның Қарулы Күштері ССР Одағының Соғыс-Теңіз Флоты Күнін мерекелейді.

Сіздерді Соғыс-Теңіз Флоты Күнімен құттықтап, сәлем жолдаймын және совет соғыс теңізшілері мен кеме жасау өнеркәсібі қызметкерлерінің Совет мемлекетінің Соғыс-Теңіз Күштерін бұдан былай да нығайта түсіп, олардың жауынгерлік әзірлігін арттыра беруде жаңа табыстарға жетуіне тілектестік білдіремін.

ССР Одағының Соғыс-Теңіз Флоты Күні құрметіне БҰЙЫРАМЫН:

Бүгін, 1953 жылғы 26 июльде, флоттар мен флотилияларда соғыс корабльдері мен жағалаудағы батареялар жыйырма бір дүркін артиллерия атып, салют берсін.

Советтік Соғыс-Теңіз Флоты жасасын!

Совет халқы және оның айбынды Қарулы Күштері жасасын!

Совет Үкметі жасасын!

Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

**ССР Одағының Қорғаныс Министрі  
Совет Одағының Маршалы Н. А. БУЛГАНИН.**

### Ұлы совет елінің Соғыс- Теңіз Флоты

Бүгін—ССРО-ның Соғыс-Теңіз Флоты күні. Совет халқы теңізшілерімізбен, кеме жасаушыларымызбен бірге бұл күнді дәстүрлі мереке ретінде жыл сайын атап өтеді.

Совет Одағы—ұлы теңіз мемлекеті. Біздің еліміз өңірт теңізбен шектеседі. Совет кемелері үш мұхитқа тікелей қатынасады. Біздің мемлекеттік шекарамыздың ұзындығы 60 мың километрден асатын болса, оның үштен екі бөлігінен астамы теңізбен шектеседі. Еліміздің мемлекеттік шекарасы қорғауда Соғыс-Теңіз Флотының қандай роль атқаратындығы бұдан айқын көрінеді.

Біздің еліміздің флотының өткендегі

кезде теңізшілер мен кеме жасаушылар кадрлары да өсіп, жетілді.

Совет халқының гитлершіл Германия мен империалистік Жапонияға қарсы Ұлы Отан соғысы Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының мызғымас күшін көрсетті. Бұл соғыста совет елінің Қарулы Күштері Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалумен ғана тынған жоқ, онымен бірге, Европа мен Азияның миллиондаған халықтарын фашистік құлдықтан құтқарды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда, гитлершіл фашистер мен жапон империалистерінің басқыншы әскерлерін

### Мал шаруашылығын өркендетудің озаттарына теңелейік!

#### Кемшіліктерге төзіп отыр

Өткен жылы Приешім ауданындағы «Қызыл жұлдыз» колхозында мал азығы қыс ортасына жетпей таусылып, мал азықтан тарыққан болғанын. Жемшөптің тапшылығынан фермаларда малдың күйі төмендеп, оның шығынға ұшырауына жол берілді.

Колхоз басшылары, оның председателі Тілеубаев жолдас бйылы шөп шабуды жақсы ұйымдастырып, мұндай кемшіліктерді алдағы мал қыстату маусымында болдырмауға, жемшөпті мол дайындауға тиісті еді. Бірақ, істің жайы бұған керісінше болып отыр. Колхоз председателі Тілеубаев жолдас кемшіліктерге төзіп, жемшөп дайындау жұмыстарын бйылы да нашар жүргізіп келеді. Мұнда осы уақытқа дейін жемшөп дайындау жоспарының үштен бірі де орындалмаған. Шабылған шөптің дені жыйналмай, азықтық сапасын жоюда.

Шөп шабудың ойдағыдай ұйымдастырылмауының себебі—бұл жұмысқа колхозшылар түгел тартылмаған. Көп колхозшылар жұмыс істемей, тиісті еңбек күні минимумын таппай отыр. Жалғыз шөп шабу емес, колхозда мал қораларын салудың және жөндеудің барысы да нашар. Бұл колхоздың басшылары қоғамдық малды құнарлы жемшөппен, жайлы қоралармен қашан қамтамасыз етер екен?

**С. РАМАЗАНОВ.**

#### Қызу еңбек

Преснов ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздың К. Сакеев жолдас басқарған бригадасында жемшөп дайындау қарқыны күнінен күнге қызы түсуде. Шөп маялауда К. Салмаев, В. Елеукин, Ш. Әубәкіров, Б. Шоқбаев жолдастар күндік жұмыс тапсырмаларын екі есеге дейін орында

#### АҒА ШОПАН

Сергей Шавалдин жолдас Конохов ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында 1952 жылдан бері аға шопан болып істейді. Шавалдин жолдас аға шопан болып фермаға келгенде қойлардың қоңы өте төмен еді. Ол алғашқы күннен бастап, қойлардың қоңын жақсартуды өзінің алдына негізгі мақсат етіп қойды. Алдымен қойларды жайылымдарда жайып, бағуды жақсартты. Күзді күні қойларды егін орнына бағуды ұйымдастырды. Осының нәтижесінде ол баққан қойдың қоңы екі-үш айдың ішінде-ақ орта және ортадан жоғары дәрежеге жеткізілді.

Шавалдин жолдас төл алу және алынған төлді шығынсыз өсіру міндетінің орындалуы, оған үлгілі әзірленуге, саулықтар қоңының жақсы болуына тығыз байланысты екендігін, ал қоңы жақсы саулықтардан арқашан қозы алуға болатынын жақсы біледі. Ол қой шарғылыстыру науқанын да тығызлықты өткізеді. Тәжірибелі шопан қой шарғылыстыру кезінде аналық қойларды да, қошқарларды да жақсы күтімде, жоғары күйде ұстайды. Қой шарғылыстыру маусымына бір ай қалғанда қошқарды концентратпен, сұлымен, кебекпен және басқа құнарлы азықтармен азықтандырады.

—1952 жылы, —дейді Шавалдин жолдас, —қой екі мерзімде шарғылыстырылды. Оның біреуі октябрь айында, екіншісі декабрь айында өткізілді. Мұның өзі қозы алу маусымының қыстың аяқ кезінде және көктемде өткізілуін қамтамасыз етті. Екінші жағынан, бұл қозының дұрыс алып, күтуге қолайлы жағдай туғызды.

Қысқы күндері ішті қойлар таза, жарық, кең қорада бағылды. Қойлар тәулігіне үш мезгіл азықтандырылды. Қыстың алғашқы айларында әрбір қойға 3 кило-

тазартып, жылы сумен жуып, сүртетін болды. Осыдан кейін ғана қозыны енесіне емізеді. Фермада қозылар енесінен бөлек жеке клеткаларда күтіледі. Қозылар клеткаларда біртіндеп жемшөп жеуге үйретіледі. Оларға ең құнарлы жемшөп беріледі. Күн сайын белгіленген мезгілде қозы енесін еміп отырады. Міне, олардың қой күту, қозы өсірудегі тәжірибесі осындай.

—Кейбір саулық өзінің қозысына сүт бермейді немесе оны жарытпайды, —дейді Шавалдин жолдас. Біз ондай саулықты біраз уақыт қозысымен бір жерге күтеміз. Міне, осыдан кейін саулық қозысына сүт бере бастайды. Қой қозысын сүтпен әбден жарытқан соң, оның екеуін де бөліп күтеміз. Жазғы маусымда алынған қозылардан гөрі қысқы-күзгі маусымда алынған қозылар әлде қайда берік және өсімтал болады. Олар суыққа төзімді келеді, әртүрлі індеттен сау болады.

Көзір бұл фермада қойды жайып бағу дұрыс ұйымдастырылған. Барлық қойлар үш отарға бөлініп бағылады. Бірінші отардағы—қысты күндері қоздаған қойлар мен қозылар, екінші отардағы—көктемде қоздаған қойлар мен қозылар, үшінші отардағы—1952 жылы алынған қозылар. Әрбір отар қойды арнаулы шопандар бағады. Қойдың санына қарай жайылымдар бөлініп берілген. Мұның өзі жазғы жайылымдарды дұрыс пайдалануға, қойдың жақсы күтімде болуына қолайлы жағдай туғызады.

Фермадағы шопандардың, оның ішінде аға шопан Шавалдин жолдасының қажырлы еңбегі колхозда қой санының көзірдің өзінде өткен жылғыдан 86,2 процент көбеюіне мүмкіндік беріп отыр. Сөйтіп, бйылы мұнда әрбір 100 саулықтан 119 қозы алынып, шығынсыз өсірілді. Шопандар күзді күні де көп қозы алмақ. Олар күзгі қозы алу науқанына осы күннен

Облыс өнеркәсіп орындарында

#### Уақыт үнемі жолындағы күрес

Бүкілодақтық теміржолшылар күнін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алу үшін Петропавл паровоз депосының машинистері жарыста алған міндеттемелерін асыра орындап, еңбек өнімділігін еселеп арттыра түсуде.

№ 19—466 паровоздың машинисі Я. Воронков жолдас Петропавл-Есілкөл арасындағы соңғы сапарында локомотивтің техникалық және орта тәуліктік жүріс жылдамдығын арттыруда жақсы көрсеткіштерге жетті. Ол паровоздың техникалық жүріс жылдамдығын сағатына бірнеше километр арттырып, паровоздың айналымын 4 сағатқа кемітті. Ал, локомотивтің орта тәуліктік жүріс жылдамдығын графикте көрсетілгеннен 104 километр асыра орындап, жүк тиелген составты тиісті станцияға 50 минут бұрын жеткізді.

Өзінің пәззды алып жүру шеберлігін меңгергендігінің нәтижесінде барлық техникалық көрсеткіштерді мүлтіксіз жүзеге асырып, жоспардан тыс 120 тонна жүк тасыды. Воронков жолдас жолдағы станциялардың бірде-бірінде қосымша су алмастан, паровозды поездан ағытпай айналымға мерзімінен әлде қайда бұрын берді.

Сол сияқты, машинист—комсомолец Л. Баштынский Петропавл мен Есілкөл арасындағы участкаға ауыр жүк тиелген составты алып жүріп, жоспардан тыс 260 тонна жүк тасыды. Локомотивтің техникалық және орта тәуліктік жүріс жылдамдығын арттыру жөніндегі тапсырыстарды үлгілі орындап, поезды станцияға графиктен 48 минут бұрын жеткізді.

Мұндай таңдаулы машинистердің қатары паровоз депосында күн сайын көбейіп келеді.

**В. АХРЕМЕНКО,**

Петропавл паровоз депосының операторы.

#### Комбинат коллективінің жеңісі

Совет аудандық өндіріс комбинатының коллективі социалистік жарыста алған



тарихы тамаша дәстүрлерге толы. Совет флоты еліміздің тәуелсіздігі жолындағы шайқастарда талай рет даңққа бөленді.

Ұлы орыс халқы флотының тарихы даңқты, ол теңізде жүзде, теңіз арқылы саияхаттар жасауда талай асқан ерліктер көрсеткен халық. Ұлы Орыс халқының теңіз жүзушілері теңіздер мен. Мұхиттар арқылы талай тамаша жорықтар жасап, көптеген теңіздерді, аралдарды ашты. Орыстың теңіз жүзуші-жерттеушілері Дажневтің, Челюскиннің, Полярковтың, ағайынды Лаптевтердің, Головиннің, Невельскийдің және басқаларының есімдері бүкіл дүние жүзіне мәлім. Олар өздерінің батырлық істерімен және ғылыми жаңалықтарымен Отанымыздың даңқын арттыра түсті. Жер шарының 564 тең астам өзендері, теңіздері, бұғаздары, аралдары, архипелагтары орыс адамдарының есімдерімен аталады. Еліміздің халықтары өздерінің Ушаков, Сенявин, Лазарев, Нахимов, Корнилов, Макаров сыяқты тамаша теңіз жүзушілерін мақтан етеді.

Орыс теңізшілерінің революциялық дәстүрлері де бүкіл дүние жүзіне мәлім. Ұлы Октябрь Социалистік революциясына әйрленуде және оны өткізуде соғыс теңізшілері Коммунистік партияның Совет өкіметін орнату жолындағы күресінің ерлігі тірегі болды. «Аврора» крейсерінің 1917 жылғы 25 октябрьде Қысқы сарайға оқ атуы адам баласының тарихында жаңа заманның басталғандығын хабарлады.

1918 жылы американдық империалистері және басқа шетел басқыншылары жас Совет республикасына тап бергенде біздің соғыс теңізшілеріміз Совет Армиясының жауынгерлерімен бірге ерліктің, батырлық пен тйбандылықтың тамаша үлгілерін көрсетіп, жауды талқандап, жерімізден қуып шықты, сөйтіп, еліміздің тәуелсіздігін қорғап қалды.

Данышпан көсемдеріміз Ленин мен Сталин, Коммунистік партия мен Совет үкметі еліміздің Соғыс-Теңіз Флотын барған сайын нығайта беруге үздіксіз қамқорлық жасап отырды. Коммунистік партияның елімізді индустрияландыру және коллективтендіру жөніндегі данышпандық саясаттарының ойдағыдай жүзеге асуы, алғашқы бесжылдық жоспарлардың табысты орындалуы еліміздің Соғыс-Теңіз Флотын нығайта беруге қажетті материалдық-техникалық база жасады. Бұл

қыратуда біздің аябынды Соғыс-Теңіз Флотымыз тамаша ерлік ұрыстар жүргізді, жеңісімізге үлкен үлес қосты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Соғыс-Теңіз Флотымыздың жауды талқандаудағы орасан зор ролін атап көрсетіп, Сталин жолдас былай деп жазды:

«Совет теңізшілері шын берілгендік табандылықпен және ерлікпен, зор жауынгерлік белсенділікпен және әскери шеберлікпен жауынгерлік қыймыл жасады. Сүңгуір қайықтардың, су бетіндегі кемелердің теңізшілері, теңіз ұшқыштары, артиллерияшылар мен жау әскерлер орыс флотының нешеме ғасырлық жақсы дәстүрлерінің бәрін үйреніп, дамытты.

...Флот өзінің Советтік Отан алдындағы борышын ақырына дейін толық орындады».

Соғыстан кейінгі жылдарда еліміздің еңбекшілері Коммунистік партияның басшылығымен өзінің халық шаруашылығын қалпына келтіріп, коммунистік құрылыстың міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыруда. Социалистік өнеркәсібіміз бен ауыл шаруашылығымыз барған сайын өркендей түсуде. Совет адамдарының материалдық әл-ауқат және мәдениет дәрежесі барған сайын артып отыр. Бүкіл совет адамдары коммунизмнің сәулелі шыңына жету жолында бейбіт жемісті еңбекпен шұғылданулы.

Ұлы Қытай халқымен, халықтық демократия елдерінің еңбекшілерімен достықты барған сайын нығайта отырып, Советтік Отанымыз бейбітшіліктің, демократия мен социализмнің қуатты лагерін бастап келеді. Біздің Отанымыз—бүкіл дүние жүзіндегі халықтардың хауіпсіздігінің және бейбітшіліктің тірегі. Советтік мемлекетіміз еліміздің қорғанышпаздық қабілетін, Қарулы Күштеріміздің қуатын арттыра түсіп, бейбітшіліктің ұлы ісіне үлес қоса береді.

Советтік Соғыс-Теңіз Флоты еліміздің теңіздік шекараларында совет адамдарының бейбіт еңбегін сеніммен қорғауда. Ол бүкіл совет халқының қамқорлығы мен сүйіспеншілігіне бөленген.

ССРО Соғыс-Теңіз Флотының даңқы арта берсін!

Ұлы совет халқы жасасын! Барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы—туысқан Коммунистік партия жасасын!

## Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің екінші сессиясын шақыру туралы

Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің атқару Комитеті 1953 жылғы 5 августа, сәрсенбі күні күндізгі сағат 12-де еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің екінші сессиясы шақырылатындығын Солтүстік Қазақстан облыстық Советі депутаттарының есіне салады.

Сессия мәжілісі Петропавл қаласында, облыстық Совет атқару мәжіліс залында өткізіледі.

Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің атқару комитеті.

дайды.

Шөп шұбыда Ш. Мұхамеджанов, С. Әйбенов, Қ. Әбілов жолдастар да қажырлы еңбек етіп келеді. Еңбекті дұрыс ұйымдастыру нәтижесінде бригада жем-шөп дайындауда колхоз бойынша алда келеді.

М. ШӘУКЕНОВ.

### Өнімді еңбектің нәтижесі

Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм» колхозының мүшесі Е. Темірбаев жолдас бірнеше жылдан бері мал бағлы келеді. Оның алдынан бірде-бір мал шығынға ұшыраған емес. Темірбаев жолдас-тың бағуында кәзір 54 ірі қара мал бар. Оның бәрі күйлі, шығынсыз өсірілуде. Ол бұл табысқа өзінің қажырлы еңбек етуі арқасында ие болды.

Колхоз басқармасы малшының еңбегін бағалап, бірнеше рет сыйлықтар берді.

С. ХАМЗИН.

### Мал қоралары жөнделіп болды

Шағлы совхозының № 2 бөлімшесінің коллективі малды жылы, жарық қорамен қамтамасыз ету ісін күнібұрын қолға алған-ды. Бұл өзінің игі нәтижесін беріп те келеді. Кәзір 4 мал қорасы сапалы жөндеуден өтті. 300 бас ірі қарамал сыятын бір стандартты қора жаңадан салынды. Бұл қора фермалардағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға бейімделген. Бөлімшеде жаңадан мал қораларын салу әлі де жүріп жатыр.

А. ШАҚМАНОВ.

грамман шөп берілсе, соңғы айларында 2,5 килограмнан шөп және 100—200 грамман концентратты азықтар берілді. Қойлар тәулігіне екі рет құдық суымен суарылады. Күтімнің зоотехникалық ережелерге сай ұйымдастырылуының нәтижесінде қой қыстан шығынсыз, күйлі шықты. Қойдан жоғары сапалы жүнді көп алуға жағдай туды. Көктемгі қой қыркұда әрбір қойдан 2,4 килограмнан жүн алынды. Бұл өткен жылғы қыркұдан жүннен 0,6 килограмм артық.

Шавалдин жолдас басқарған шопандар бригадасы қозы алу жұмыстарына тынғылықты әзірледі. Жемшөп, төл үйі күні бұрын мол дайындалды. Қой қоздайтын, қозы тұратын орындар жақсы жабықталды. Итті қойлар қоздай бастаған кезде фермада шопандардан тәулік бойы кезекшілер қойылды. Сөйтін, шопандар әрбір қойды аман қоздатып отырды. Алынған қозыларды өз қолдарынан ауыздандырды. Ауыздандырар алдында қойдың желінін

### Жеткілікті көңіл бөлінсін

Калинин атындағы колхозда (Ленин ауданы) мал шаруашылығын өркендетуге жеткілікті басшылық жасамай келеді. Осының салдарынан мал құнарлы жем-шөппен және жылы, жарық қоралармен кереметше қамтамасыз етілмей жүр. Бұл қысты күні малдың шығынға ұшыртуына, оның күйінің төмендеуіне әкеліп соғуда. Осы себеппен өткен қыста 300 қой шығынға ұшырады. Колхоз басшылары бұдан тиісті қорытынды шығармай отыр. Мұнда қора салу, жөндеу және жемшөп дайындау жұмыстары мүлде баяу жүргізілуде. Кәзіргі уақытта да мұнда

үлгілі әзірленуде. Сол сыяқты, мал қыстауға да жақсы әзірлік жүргізуде.

Кәзір мұнда жаңадан бір қой қорасы және төл үйі салынып жатыр. Колхоз басқармасы бұған қажетті күш-мүмкіншіліктерді жеткілікті бөлген. Қора салу, жөндеу және қойға құнарлы жемшөп дайындау жұмыстары егін орағына дейін аяқталғалы отыр. Бұл жұмыстардың бәріне дерлік шопандар белсене қатысын жүр.

Міне, аға шопан Шавалдин жолдас жұмыс істейтін қой ферманың кәзіргі табысы осындай. Бұл күндері ферма қоллективі қойды шығынсыз, күйлі өсіру, қолжеткен табысты баянды ету, осы арқылы партиямыздың XIX съезінің қорғамдық мал шаруашылығын өркендету жөніндегі тарихи қарарларына нақтылы іспен жауап беру жолында өнімді еңбек етуде.

Зоотехник А. ШАХМАЕВА.

малдың қоңы төмен. Қой жазғы жайылымдарға дұрыс бағылмайды. Жағдай ірі қарамал фермасында да дәл осындай. Мұнда әсересе, сауын сыйырларды жайылымдарда бағу нашар ұйымдастырылған. Осының салдарынан сыйырлардың құнарлылығы азайып, колхозда сүт дайындау жөнінде тағайындалған жоспар қанағаттанғысыз орындалып келеді.

Бұл колхоз басшыларының мал фермаларында еңбекті дұрыс ұйымдастырып, қорғамдық мал басын жедел өркендету ісін қамтамасыз ететін уақыт жетті.

С. ҚАЗАНБАЕВ.

міндеттемелерін аброймен жүзеге асыру жолында қажырлылықпен күресе отырып, жаңа табыстарға ие болды. Олар комбинат бойынша жартыжылдық жоспарды 108,9 процент орындады, шығаратын өнімнің түр-түрін едәуір көбейтіп, сапасын жақсартта түсті. Мұның нәтижесінде мұнда өнімнің өзіндік бағасы 7 процент кемітілді.

Комбинаттың жөкелеген цехтарының қол жеткен табыстары бұдан да зор. Бригадир Г. Кириченко жолдас басқарған мебель цехы жартыжылдық жоспарды 162 процент орындады. Жартыжылдық жоспардың ұстаулар цехы бойынша орындалуы 112 проценттен асып түсті. Бұл цехты ақау жібермеу және материалдарды неғұрлым үнемдеп жұмеау күресі ойдағыдай ұйымдастырылған.

Кәзір комбинат коллективі жылдық жоспарды мерзімінен бұрын және артығымен орындау, өнімнің түр-түрін көбейтіп, оның өзіндік бағасын онан әрі кеміту жолында аянбай күресуде.

Ә. МҰХАМЕТОВ.

### Таңдаулы бақылаушылар

Петропавл вагоншыларының арасында теміржолшылар күні күрметіндегі жарыс кеңінен өрістей түсті. Техникалық вагон бақылау пунктіннің қызметкерлері вагон жөндеу жұмысының сапасын жақсартып, оларды деркезінде жөнелтуді қамтамасыз етуде. Коммунист Н. Белоусов жолдас басқарған вагон бақылау пунктіннің сменасы вагондарды поездан ағытпай жөндеп жүр. Соңғы күндердің ішінде олар поездардан ағытпай 45 вагон жөндеп, теміржолшылар күніне лайықты өндірістік тарту әзірледі.

Аға бақылаушы Белоусов жолдасының сменасындағы вагон бақылаушылар еңбек өнімділігін еселеп арттырумен бірге өнім сапасын жақсарту жұмысына да үнемі назар аударып келеді. Әсересе, бұл сменда вагон бақылаушылар Моисеев, Демин, слесарьлар Павленко және Рыцдин жолдастар жарыста алған міндеттемелерін екі есеге жуық асыра орындауда.

П. ОСИПОВ.

### Сменасына 5 норма

Паровоз депосы механикалық цехының стахановшы тоғары И. Тихий жолдас өндірістік тапсырманы орындауда күннен-күнге жоғары нәтижелерге жетісуде.

Оның жақсы нәтижелерге жетісуінің басты себебі ол жұмыс процесіндегі пайдаланылмаған мүмкіншіліктерді ашып, жаңалық әдістерді өз ісінде кеңінен қолданады.

Жуырда озат тоғарь Омск қаласында болып, онда металл өңдеу жөніндегі жаңалық әдістермен танысты. Кәзір күйбештік жаңашыл Колесовтың әдісін ол практикада қолданып жүр.

Кәзір озат тоғарь еңбек өнімділігін бірнеше есе арттырды. Оның кәзіргі сменалық көрсеткіші—450—500 процент.

М. БОЛАТОВ.



Сырғабек Сағындықов жолдас Булаев ауданындағы Ұзынкөл совхозында бес жылдан бері түнгі бақташы болып істеп келеді. Осы уақыттың ішінде ол бірде-бір малдың шығын болуына жол берген жоқ. Таңдаулы бақташы малды жайылымда бағу жұмысына келелі үлес қосуда.

СУРЕТТЕ: Ұзынкөл совхозының жайылымда жүрген сыйырлары. Алдыңғы қатарда тұрған Сырғабек Сағындықов жолдас.

Суретті түсірген А. Розенштейн.



**Соғыс-Теңіз Флотының  
Намызы мен  
Даңқын Қасиеттеп  
Сақтайық!**



Художник В. Захариниц «Искусство» баспасы шығарған плакаты.

**ССРО теңіз шекараларының сенімді сақшысы**

Бүгін совет халқы Соғыс- Теңіз Флоты Күнін мерекелеуде. ССРО еңбекшілері бұл дәстүрлі мерекеледе сөзін ерекше рыйзалықпен және сүйіспеншілікпен Совет Армиясының жауынгерлерімен бірге өздерінің бейбіт, жемісті еңбегін қырағылықпен қорғап, Отанымыздың мемлекеттік мүдделерін қырағы күзетіп тұрған соғыс теңізшілеріне арнайды.

ССРО Соғыс- Теңіз Флотының Күні бйылығы жылы зор саяси және еңбек орлеуі жағдайында мерекеленіп отыр. ССРО-ның XIX съезі партия мен халықты коммунизмге қарай алға басудың айқын және нақтылы программасымен қару-жарады. Коммунистік партияның басшылығымен совет адамдары бұл ұлы міндеттерді орындау ісімен жігерлене шұғылданады.

Совет Одағының теңіз шекараларының ұзындығы 47 мың километрден асады. Бұл дүние жүзіндегі мемлекеттердің қай-қайсысынан болса да артық. Біздің еліміз 14 теңізбен шектеседі. Оның үш мұхитқа: —Атлантика, Солтүстік Мұзды және Тынық мұхиттарға шығатын жолдары бар.

Халқымыздың негізгі мүдделері баяғыдан бері ақ теңізге байланысты. Ол өз тарихының көп гасырлары бойына теңізге жүзін халық терең таныса не болды.

теңізшілер құрғақтағы майдандарда соғысты. ССРО еңбекшілері азамат соғысының даңқты батырлары —соғыс-теңізшілері Железниковтың, Маркиниң, Слабковтың, Виноградовтың Отанымыздың көптеген басқа адал ұлдарының есімдерін шексіз құрметтейді.

1921 жылы партияның X съезі социалистік республиканың қарулы күштерін онан әрі нығайту жөнінде аса маңызды нұсқау берді. Флот салу мәселелері жөнінде съездің қаулысында былай деп жазылды: «...Советтік республиканың жалпы жағдайы мен материалдық қорларына сәйкес, Қызыл соғыс флотын қайта тұрғызу және нығайту шаралары қолданылсын».

Партия мен үкметтің күш жұмсауы, Ленин мен Сталиннің қамқорлық жасауы арқасында біздің флотымыз тез көркейе бастады. Бұл істе флотты қамқорлыққа алып, корабльдерге және училищелерге мыңдаған жас патриоттарды жіберген комсомол орасан зор көмек көрсетті. 1923 жылы «Марат» линкоры, «Аврора» «Бо-

флоты —біріншісіне, төртіншісіне және сегізіншісіне, Қаратеңіз флоты—үшіншісіне және жетіншісіне, Солтүстік флот—оньшысына, Ладога мен Онега флотилиялары —төртіншісіне, Днепр флотилиясы —бесіншісіне, Дунай флотилиясы —тоғызыншысына қатысты. Днепр флотилиясының теңізшілері Берлин үшін болған ұрыстарға, Дунай флотилиясы, Будапешт пен Венаны азат етуге қатысты. Тынық мұхит флоты мен Амур флотилиясы жапон империалистерін талқандауға белсене қатысты.

Отанымыздың флоттары мен флотилиялары түрлі соғыс құралдарымен жабдықтауда, толықтырулар, қару-жарақтар, ұрыс-жабдықтарын жеткізуде, жаралыларды көшіруде, су бөгеттерінен өтуге Совет Армиясына үлкен көмек көрсетті. Қазармандық Сталинград эпопеясы кезінде Волга флотилиясының теңізшілері Волга арқылы он мыңдаған жауынгерлерді, жүз мыңдаған тонна жүкті тасыды. Ладога флотилиясы қоршаудағы Ленинградқа бір миллион тоннадан аса жүк, 140 паровоз, екіжарым мың вагон, көптеген азық-түлік, ұрыс жабдықтарын жеткізді, қаладан 800 мыңнан аса тұрғындарды көшірін әкетті.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы отандарымыздың еңбекшілерінің қызығушылығын білдіретін суреті менің досым айта алмас.

**Муса Жалилдің өлеңдері**

Муса Жалил —татардың талантты ақыны. Татарстан жұртшылығы Жалилді еске алу күнін өткізуге дайындалуда.

Фашистер Жалилді 1942 жылы Берлинде Моабит түрмесіне жауып, түрмеде бір жыл отырғызғаннан кейін дарға асқан. Жұырда Жалилдің Моабит түрмесінде отырғанда жазған өлеңдері табылды. Осы өлеңдерінен төмендегілерін жариялап отырмыз:

**I.  
СЕНБЕ!**

Айтса біреу:—  
Мені өлді, деп, сөнді, деп,—  
Сенбе, достым! Сенімі жоқ, сөзге бұл.  
Ойламаңыз, мені сірә, өлді, деп,  
Жасаймын мен, алда жайнап өмір  
түр.  
Ту астында ант еткенбіз айнымас,  
Сақтаймын мен:  
Сол антымды жаныммен.  
Қорқыта алмас өлім, апат, дар ағаш,  
Сақтаймын мен:  
Азаматтық арыммен!  
Сенбе достым!—  
—Өлді,— деген даурыққан,  
Зұлым жаудың, дұшпандардың өсері,  
Өлім тілеп тек өздері қан жұтқан,  
Дұшпан ғана «өлді, өлді»— деседі.  
Неге олейін, дос- жараным, ойлашы,  
Қолда автомат.  
Жүрегімде антым бар.

Көңіліме нұрын құйған жолбасшы,  
Партия бар, Отаным бар, халқым бар!  
Айтса біреу:  
—Муса өлді,— деп нанбаңыз,  
Мұндай сөзді менің досым айта алмас.  
Мызғымас аянт.  
Айнымайтын ар, намыс,  
Осы жолдан шегіндіріп, қайтармас.  
Өлсем менің тек топырақ денемді,—  
Жабардағы.  
Ұйықтармын мен мәңгіге.  
Қайда қоймақ?...  
Өлеңім мен жырымды.  
Күнде гүлге бөленетін ән- күйге.  
Айтса біреу:  
—Мен өлді деп, сөнді деп,  
Намба, достым!  
Намымы жоқ сөзге бұл.  
Сенбе, сірә, «Біздің Муса өлді» деп,  
Алда жайнап, сайран салар өмір түр!

**II.  
СОҒЫСТАН КЕЙІН  
(Үзінді)**

Ауыр күн өтіп,  
Жайнаған өмір.  
Балқыған үйлер  
Шалқыған көңіл.  
Күтеміз досты,  
Күтеміз күнді.  
Жасаймыз тойды,  
Егеміз гүлді.  
Фуғасты бомба  
Талқандап кеткен, —

Жеріміз біздің көгерер,  
Зонарлы у сенкен.  
Бұзылған жолдар,  
Өртенген қала, —  
Күтеді бізді!  
Гүлденген дала.  
Гүрілдеп трактор,  
Шыңылдап балталар.  
Сылдырлап бұлақтар  
Егіндер жайқалар!

**III.  
ҚАРЛЫҒАШ  
(Үзінді)**

Орман құсы, қарлығаш,  
Түрме сырғын білмейсің?  
Түрме сасық, мылқау, тас  
Мұнда жарық көрмейсің.  
Ей, қарлығаш, қарлығаш!

Қақ қанатты тағы да,  
Қуант мені,  
Көңілімді аш!  
Ұшып келіп жаным!  
Аударған Жақан СЫЗДЫҚОВ.

**Село киномеханигі**

Село киномеханигі селода советтік мәдениетті өркендетушілердің бірі болып саналады. Облысымыздың көптеген киномеханигітері өздерінің алдында тұрған міндеттерді, мемлекеттік жоспарларды аброймен орындап, ауыл- село еңбекшілерін киномен қамтуда тамаша табыстарға ие болуда. Полудень аудандық кинофикация бөлімінің киномеханигі Александр Никандрович Выходцев —облысымыздағы осындай үлгілі киномеханиктің бірі.

Тоқпын селосындағы тұрақты кино көрсетуіне қорнекті табыстарға қалай жетіскендігін айтып, жұмыс тәжірибесін

—Киномеханик селода кино көрсетуші ғана емес, ең алдымен ол мәдениет майданының белсенді күресшісі, бұқараны ұйымдастырушы, үгітші болуы керек. Ауыл- селода алдыңғы қатарлы комбайншы мен тракторшыны қалай жақсы көріп құрметтесе жақсы киномеханикті де солай жақсы көріп, құрметтейді. Бұл құрметке ие болу үшін, біз өзімізге тапсырылған жұмысты сүйіп істеуіміз қажет.

Выходцев жолдас еңбекшілерге кино көрсетуіне қорнекті табыстарға қалай жетіскендігін айтып, жұмыс тәжірибесін

**Кореядағы оқыйғалар**

**ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС  
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ**

ПХЕНЬЯН, 24 июль. (СОТА). Корей Халық- Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 24 июльде мынаны хабарлады:

Өткен күні Корей Халық армиясы мен қытай халық еріктілерінің бөлімдері Судеяли деревнясы ауданында дұшпанға қарсы кескілескен ұрыстар жүргізді. Дұшпан бір полктей әскердің күшімен 17 рет атақа жасады. Дұшпанның барлық атақалары тойтарылып тасталды.

**УАҚЫТША БІТІМ ТУРАЛЫ  
ПАНЫМЫНЬЧОНЬДЕГІ КЕЛІС-  
СӨЗДЕР**

ПЕКИН, 24 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Кэсоннан берген хабарына қарағанда, Кореядағы уақытша бітім туралы келіссөздердегі корей-қытай делегациясының бүгін жарияланған мазмұндамасында былай делінген:

24 июльде екі жақтың штаб офицерлері мен байланыс офицерлерінің жабық мәжілістері болды.

ПЕКИН, 24 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігінің арнаулы тілшісі Кэсоннан 23 июльде мынаны хабарлады:

Бүгін Паньмыньчоньде уақытша бітім туралы келісімге қол қоюға әзірлік аяқталуға жуықтап келе жатқан тәрізді. Мұнымен бірге, бітім жасауға бөгет болатын әрекеттер келтіруге бағытталған Ли Сын Ман үкметінің ресми қарсылығы да күшейе түсті.

20 июльден бері қартамен жұмыс істеуші штаб офицерлері ұзақ мәжіліс өткізген, ол кеше таңертеңгі 10-да басталып, бүгін түнгі 0 сағат 45 минутте аяқталған.

Штаб офицерлерінің арнаулы тобы 2-сағат 30 минут мәжілістескен, ал, байланыс офицерлері қалған ұсақ әкімшілік мәселелерді келісу үшін күндізгі сағат 3-те басқосқан.

Уақытша бітімге қол қою және оны жүзеге асыру кәзір Ли Сын Ман мен оның бітімге қарсы сыбайластарының алдында американ жағы берген сенімін орындауына байланысты. Уақытша бітім туралы келісімге қол қоюға байланысты бұрынғыдан да күшті қырағылық керек.

**ФРАНДУЗ КОММУНИСТІК  
ПАРТИЯСЫ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ  
ҚАРАРЫ**

ПАРИЖ, 24 июль. (СОТА). «Юманите» газетінде Француз Коммунистік партиясы саяси бюросының қарары жарияланып, онда бір жағынан, бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің табыстары атап көрсетілген, екінші жағынан, капитализмнің жаппай дағдарысының күшейіп отырғандығы және империалистік лагерь елдері арасындағы қайшылықтардың шиеленісіп отырғандығы айтылады. Қарарда «Француз Коммунистік партиясының



өседі. Атам заманнан бері басқа елдердің теңіз жүзгіштерінен озып шығып, орыстың теңізшілері теңіздерді тігілеп, адам білмеген жерлерді тапты, ғылыми мақсаттармен аса қыйын жағдайда ұзақ жүзу саяхатын шекті. Ноярковтың, Стадухиннің, Дельневтің, Атласовтың, Козыревскийдің, Чириковтың, Лаптевтердің, Седовтың және көптеген басқалардың алғашқы ашқан жаңалықтары ғылымға орасан зор үлес қосты. Орыстың алғашқы жаңалық ашушыларының дақты ұрпақтарының тізімінде Крузенштерннің, Лисянскийдің, Головиннің, Лазаревтің, Коцебудің, Беллинсгаузеннің, Невельскийдің, Макаровтың және орыс флотының басқа офицерлерінің есімдері жарық жұлдыздай жарқырайды.

Тынық мұхиттың бүкіл солтүстік бөлегін, Арктикалық бассейнді және Антарктиканы зерттеуде біздің халқымыз аса көп еңбек сіңірген. Дүние жүзінің барлық теңіздері мен мұхиттарында орыс теңізшілерінің есімдерімен аталған аралдар, шығанақтар, қойнаулар бар. XVIII ғасырдың екінші жартысының өзінде ғана Тынық мұхиттың орыстың 85 экспедициясы болып, олар жүздеген жаңа аралдарды ашты. XIX ғасырдың басында Беллинсгаузен мен Лазарев Антарктиканы ашып, оның матерігін айыналы шықты. 500-ден аса өзен, теңіз, бұғаз, арал, архипелаг біздің аса көрнекті теңіз жүзгішіміз бен зерттеушілеріміздің есімдерімен аталады.

Орыстың соғыс теңізшілері өз қатарларынан талантты ғалымдар мен өнертанқыштарды шығарды. Кронштадт электр-мина мектебінің оқытушысы, радионы ойлап тапқан А. С. Попов дүние жүзілік ғылымға ұлы үлес қосты. Орыс теңізшісі А. Ф. Можайский дүние жүзінде бірінші болып самолет ойлап шығарып, оны сыннан өткізді. Академик, Социалистік Еңбек Ері А. Н. Крыловтың инженер Н. Г. Бубновтың, адмирал С. О. Макаровтың және басқаларының еңбектері дүние жүзінің барлық елдеріндегі корабль жобалауға және жасауға негіз болады.

Орыс флотының тарихы революциялық дәстүрлерімен мақаталынады. «Князь Потемкин-Таврический» броненосціндегі көтеріліс патшалық Ресейдің қарулы күштеріндегі бірінші бұқаралық революциялық көтеріліс болды. Флот Октябрьдегі қарулы көтеріліске әзірлену және оны өткізу дәуірінде басты күштердің бірі болды. Балтық теңізшілері уақытша өкметтің контрреволюция әскерлеріне қарсы ұрыстарға белсене қатысты. Олар Петроградтың неғұрлым маңызды стратегиялық нүктелерін алып, Қысқы сарайға шабуыл жасауға қатысты. «Аврора» крейсери Неваға жәрбә тастан, Қысқы сарайды атқылаған зенбіретердің үнімен 25 октябрьде жаңа дәуірді—Ұлы Октябрь Социалистік революциясының дәуірін жариялады.

Азамат соғысы жылдарында совет теңізшілері—балтықшылар ағылшының 16 кораблін суға батырды, соншалық кемелі мықтап зынданды. Қызыл Армияның бөлімдеріне Кара теңіз флоты да, Днепр, Ладога, Онега, Солтүстік Двина және басқа өзен және көл флотиялары да белсене көмек көрсетті. 60 мыңнан аса

минтерін» крейсерлері, бірнеше миноносецтер және бірқатар басқа корабльдер қатарға қосылды.

1932 жылы Тынық мұхит флоты, 1933 жылы Солтүстік флот құрылды. Бірінші және екінші бесжылдықтар тұсында 500-ге жуық жаңа корабльдер қатарға қосылды. Үшінші бесжылдықтың қарсаңында Коммунистік партия мен Совет үкіметі үлкен теңіз және мұхит флотын жасау міндетін қойды.

1938 жылы ССР Одағы Жоғарғы Советінің Бірінші Сессиясында Молотов жолдас былай деді: «...Біз тек соңғы жылдарда ғана теңіз флотын жасауға шындыр кірісе алдық. Балтық флоты да, Кара теңіз флоты да, Солтүстік флот та, Тынық мұхит флоты да көзір Советтік ұлы мемлекетке лайықты дәрежеде өсе бастады... Қуатты Совет мемлекетінің өз мүдделеріне сай, ұлы ісімізге лайықты теңіз және мұхит флоты болуға тиіс».

Совет халқы партия мен үкіметтің шақыруына зор жігермен қарсы алды.

Совет Соғыс-Теңіз Флотының адамдар құрамы бейбітшілік жағдайдағы оқу-үйренудің барысында күрделі соғыс техникасын қажырлылықпен және табандылықпен үйренді, өткен соғыстардың тәжірибелерін сын көзімен қарай отырып меңгерді, теңізде соғыс қыймылдарын жүргізудің кәзіргі тактикалық әдістерін зерттеді, өздерінің теориялық білімдерін толықтырды, сөйтіп, Отанымыздың тәуелсіздігі үшін, Ұлы Октябрь Социалистік революциясының жеңістерін қорғау үшін шайқасқа әрқашан да дайын тұрды.

Сөйтіп, еліміздің еңбекшілерінің ерлікпен жемісті еңбек етуінің нәтижесінде, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің күнделікті қамқорлығы арқасында ССРО-ның Соғыс-Теңіз Флоты қуатты, жеңіл-мәс күшке айналды. Ал гитлерлік Германия Отанымызға опасыздықпен шабуыл жасағанда совет халқы мен оның Қарулы Күштері, оның негізгі бөлігі болып тыбылатын Соғыс-Теңіз Флоты да жеңіске толық сене отырып, адамзаттың ең қас жауына қарсы күреске шықты.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап Балтық флотының авиациясы Данцикке қарай Кенеперте және Мемельге қуатты соққылар берді. 27 июльде Қаратеңіз флоты Констанцаға соққы берді. Одесса түбіндегі ұрыстар кезінде Қаратеңіз флотының корабльдері оқ жаудырып, қаланы қорғаушыларға үнемі көмектесіп отырды, десанттық операциялар жүргізді.

Совет халқының күрес тарихында Севастопольді қаһармандықпен қорғау мәңгі өшпес дақты орын алады. Бұл қорғаныста Қаратеңіз флоты маңызды роль атқарды. Оның барлық корабльдері, «Севастополь» линкорынан бастап жауынгерлік шағын кемелерге дейін, үздіксіз оқ жаудырып, қаһарман қаланың айбынды қорғаушыларына көмектесті. Сегіз айға созылған қауырт шайқаста гитлершілер өлеңі және жараланғаны бар 300 мыңға жуық адамнан айрылды.

ССРО Қарулы-Күштері гитлершіл шапқыншыларға он рет қайырта соққы берген кездерде Соғыс-Теңіз Флотының жауынгерлік қыймылдары ерекше күшпен ұрта түсті. Флоттар мен флотиялар он соққының сегізінше белсене қатысты: Балтық

теңізінің ордендермен және медальдармен наградтады. Соғыс-Теңіз Флотының 513 жауынгері Совет Одағының Батыры атағын алды. Көптеген корабльдер мен бөлімдерге гвардиялық деген атақ берілді. Ондаған құрамалар, корабльдер мен бөлімдер ордендермен наградалды.

Сталин жолдас социалистік мемлекеттің Соғыс-Теңіз Флотының қыймылдарына жоғары баға берді:

Совет халқының фашистік Германияға қарсы жүргізген Ұлы Отан соғысында мемлекетіміздің Соғыс-Теңіз Флоты Қызыл Армияның сенімді көмекшісі болды...Совет теңізшілері ұрыс қыймылдарында асқан табандылық, жүректілік, ұрыста орасан белсенділік және әскери шеберлік көрсетті.

Соғыстың төрт жылы ішінде совет теңізшілері Балтық, Кара және Баренц теңіздерінде, Еділде, Дунай мен Днепрде орыстың теңіз ісіндегі дақынның кітабына жаңа беттер қосты. Флот советтік Отаны алдындағы борышын ақырына дейін өтеді.

Совет флотының тамаша жауынгерлік қызметі—соғыс теңізшілерінің жауға қарсы жанқиярлық күресте дүние жүзіндегі ең озат советтік соғыс ғылымын, бірден-бір дұрыс негізге—маркстік-лениндік теорияға сүйенген ғылымды басшылыққа алып отырғандығының нәтижесі.

Соғыстан кейінгі дәуірде Коммунистік партия мен Совет үкіметі ССРО Соғыс-Теңіз Күштерін оған әрі дамытуға үнемі зор көңіл бөліп келеді. Ұлы Отан соғысынан кейінгі өткен жылдар флоттың мүлтіксіз өскен және нығайған жылдары болды. Соғыс теңізшілері қауырт үйрену жұмысында өз шеберлігін жетілдіре беруде, корабльдер мен бөлімдердің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілетін күннен-күнге арттыра беруде. Жуырда Англияға жорық жасап қайтқан «Свердлов» крейсерінің үлгілі жағдайы мен оның адам құрамының жауынгерлік жағтығының жоғары дәрежеде өскендігі туралы шетел баспасөзінің айтқан пікірлері мұның тамаша дәлелдерінің бірі болып табылады.

ССРО Қарулы Күштерінің алдында тұрған әділетті, игілікті мақсаттарды ұру совет жауынгерлерін ұрыстарда ерлік пен батырлыққа, бейт уақытта қауырт оқын-үйренуге жұмылдырады. Жауынгер патриоттардың жоғары жауынгерлік сапаларының қалыптасуына және дамуына флоттың партия ұйымдары мен сазен орындарының соғыс теңізшілері арасында үнемі жүргізіп отыратын саяси-идеялық тәрбие жұмысы да өзінші болады.

ССРО Соғыс-Теңіз Флотына жоғары құрмет—Ұлы Социалистік Мемлекетіміздің теңізіндегі шекараларын күзету, оның теңіздер мен мұхиттардағы мемлекеттік мүдделерін қамтамасыз ету міндеті жүктелген.

Бүкіл халқымыздың қамқорлығына бөленген, партия мен үкіметтің төңірегіне тығыз топтасқан Совет Соғыс-Теңіз Флотының матростары, старшиналары, офицерлері мен адмиралдары өз корабльдерін толық жауынгерлік әзірлікте ұстады, өз елінің бейбіт, жемісті еңбегін қырағылықпен күзетеді.

1950 жылы Выходцев жолдас киномеханик болып істей бастағаннан бері бұл кино алдыңғылар қатарына қосылды. Үш жылдан бері Выходцев жолдас село халқын киномен қамту жоспарың үнемі асыра орындап, кинофильмдерді үлгілі көрсеткені үшін кино көрушілерден бірнеше рет алғыс алды, екі рет құрмет грамотасымен наградалды. Тек өткен жылдың өзінде 4 мың сомнан астам ақшалай сыйлық алды.

Выходцев жолдасының жұмыс көрсеткіштері сүйсінерліктей. Ол 1952 жылы 187 сеанс орнына 272 сеанс кино көрсетіп, жоспардан тыс 13200 адамды киномен қамтыды.

Жуырда облыстық кинофикация басқармасы саяси-ағарту қызметкерлері кіннодағы облыстық комитетімен бірлесе отырып, тәжірибе ауыстыру мақсатымен алдыңғы қатарлы киномеханиктердің слетін өткізді. Бұл слетте Выходцев жолдас былай деді:

## Кітап сауласы

«Казкикторг» магазиніне үнемі жаңа кітаптар көптеп түсіп тұрады. Саяси, көркем әдебиет кітаптары мен қатар оқулықтар да көптеп түсуде. Бұл кітаптарды облыс, қала еңбекшілері үнемі сатып алуда.

## БАЛАЛАР ҮЙІНІҢ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІ ЭКСКУРСИЯДА БОЛДЫ

Жуырда Полтавка балалар үйінің біртоп үздік оқушылары тәрбиеші А. Браилконың басқаруымен облыс орталығында экскурсияда болды.

Қалада болған алғашқы екі күн ішінде олар музейге, балалар паркіне, кинотеатрға барды. Есіл өзенінде суға түсті және № 20 қолөнер училищесінде болды.

Еңбекшілердің кітапқа деген ынтасы күн санап арта түсуде. Қаладағы «Казкикторг» магазині еңбекшілерге екінші тоқсанның өзінде ғана 700 мың сомның кітабын сатты.

28 оқу отличнигі облыстық музейдегі барлық экспонаттармен танысты. Балалар, әсіресе, Солтүстік Қазақстанның табиғаты деген бөлім мен күн жүйесінің қалай пайда болғанын бейнелейтін көрмені сүйсіне қарады.

А. РАМАЗАНОВ.

**МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМДАР ССРО-НЫ ӨРКЕНДЕТУДІҢ БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ**  
1953 жылғы 30 июльде Саратов қаласында Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемының 34- тиражы өткізіледі.  
Тиражда мына мөлшерде ұтыстар шығады.

| Ұтыс мөлшері сом есебімен | Ұтыс саны             |                       |
|---------------------------|-----------------------|-----------------------|
|                           | заемның бір разрядына | заемның бес разрядына |
| 50.000                    | 2                     | 10                    |
| 25.000                    | 5                     | 25                    |
| 10.000                    | 25                    | 125                   |
| 5.000                     | 80                    | 400                   |
| 1.000                     | 700                   | 3500                  |
| 400                       | 7688                  | 38440                 |

Барлығы 8500 42500  
Ұтыстың жалпы сомасы сом есебімен 4.650.200 23.251.000  
Заем бойынша жыл сайын негізгі алты тираж: 30 январьда, 30 мартта, 30 майда, 30 июльде, 30 сентябрьде, 30 ноябрьде және бір қосымша тираж—30 сентябрьде өткізіледі.

Негізгі тираждарда шыққан ұтыстар сатып алған мерзіміне қарамастан облигациялар бойынша төленеді. Қосымша тиражда шыққан ұтыстар қосымша тираж өткізілуден кемінде 9 ай бұрын сатып алынған облигацияларға төленеді.

### МЕМЛЕКЕТТІК 3 ПРОЦЕНТТІК ІШКІ ҰТЫС ЗАЕМДАРЫН САТЫП АЛЫҢЫЗДАР!

Мемлекеттік еңбек жыйнақ кассалары мен мемлекеттік кредиттің облыстық басқармасы.

саяси бюросының халықаралық империализмнің агенті Берияны әшкерелеп және оның қылмысты әрекеттерін жүргізе беруіне тыйым салып, халықаралық жұмысшы қозғалысының ісіне жаңа және үлкен еңбек сіңірген Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетімен толық ниеттес» екендігі аталып көрсетіледі.

Қарарда мұнан әрі Совет Одағының Ұлы Коммунистік партиясының үлгісі бойынша француз коммунистерінің бұқараға басшылық жұмысында топтасқандықты, идеологиялық бірлік пен саяси жауынгерлікті бұрынғыдан да күшейте беретіндігі айтылған.

## ИТАЛИЯДА ЕРЕУІЛ ҚОЗГАЛЫСЫ

РИМ, 24 июль. (СОТА). «Унита» газеті жалақының арттырылуын талап етіп отырған Италиядағы өнеркәсіп жұмысшыларының ереуіл қозғалысының кеңінен етек алып отырғандығын хабарлайды.

23 июльде Милан провинциясында екі сағаттық ереуіл болған, оған металлургия кәсіпорындарының 160 мың жұмысшысы қатысқан. Жұмысшылар жалақының арттырылып, жеке жұмыстарға төленетін ақының ұлғайтылуын талап етуде. Көпшілік жыйналыстарында еңбекшілер кәсіпорындарын жауып, жұмысшыларды жұмыстан шығаруды дереу тоқтатуды талап еткен.

Генуэде металлургия және машина құрылысы заводтарының 100 мыңнан астам жұмысшысы 24 июльде жұмысты тоқтатып, жоғарыдағыдай талаптар қойған.

Бүгін Римнің және Рим провинциясының 60 мың өнеркәсіп жұмысшысы 4 сағаттық ереуіл жариялаған.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

## Киноларда

### «УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

#### «ӘУЛИЕ ИОРГЕННИҢ МЕРЕКЕСІ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

### «ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

#### «ӘУЛИЕ ИОРГЕННИҢ МЕРЕКЕСІ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

Қалалық сауда бөлімінің қоймасына түпкілікті жұмысқа тәжірибелі қойма меңгерушісі және есепші КЕРЕК.  
Адрес: Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 53-үй.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-38, өнеркәсіп-транспорт

Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01357.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің полиграфия өнеркәсібі мен баспа Бас Басқармасының № 18 мемлекеттік баспаханасы. Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.